

камераға бағытталады, бұл камераның диаметрі 2-3 м-лік және биіктігі 10-35 м болатын шар тәрізді қуыс цилиндрлік аппарат болып табылады.

Булардың реакциялық камераға кіруі жоғарыдан, ал шығуы төменнен болады. Сондықтан да, камера барлық уақытта крекингіленетін қоспаның буларымен толып тұрады және құрамында айтарлықтай оңай кокстелетін өнімдер болатын сұйықтықтың көлемі көп болмайды.

Реакциялық камера жылытылмайтын болғандықтан, крекинг реакциясы жылу сіңірілу арқылы жүреді, камерадан шығатын жердегі температура, кіретін жердегі температураға қарағанда, 30-40°С-ге төмен болады. Камераның айтарлықтай үлкен көлемді болуына байланысты, өнім онда ұзақ уақыт (100 с дейін) болуы мүмкін, ал бұл крекингтің тереңдеуіне мүмкіндік береді. Пайдалану тәжірибесі көрсеткеніндей, бензин мен газдың жалпы мөлшерінің 25%-ға дейінгі мөлшері реакциялық камерада түзіледі.

Реакциялық камерадан крекинг өнімдерінің бу-сұйық қоспасы тікелей жоғарғы қысымды буландырғышқа келіп түседі. Бұл аппараттағы фазалардың бөлінуі жоғарғы қысым кезінде жүретіндіктен, буландырғыш түбінен кететін қалдықта еріген газойльді және бензинді фракциялардың көп мөлшері болады. Жеңіл фракцияларды бөлу үшін төменгі қысымдағы буландырғыш қолданылады (*фляшинг*).

Фляшинг алдындағы қысымды төмендету нәтижесінде қалдықтан жеңіл фракциялардың қосымша булануы жүреді. Буланудың жағдайын жақсарту үшін фляшингтің төменгі жағына су буын жібереді.

Жоғары қысымды буландырғыш диаметрі 2-3 м-лік және биіктігі 15-18 м-лік қуыс аппарат болып табылады.

Төменгі қысымды буландырғыш ректификациялық тәрелкелермен жабдықталған. Ол тек крекинг-қалдықтан жеңіл компоненттерді айдау үшін ғана емес, буланған фракциялар буларының салқындауы мен конденсациялануы есебінен шикізатты қыздыру үшін қажет.

Қондырғының технологиялық режимі технологиялық регламент пен технологиялық картаға сәйкес сақталынады.

Термиялық крекинг қондырғысының жұмысын приборлардың көрсетулері бойынша, шикізатты, флегманы, крекинг-қалдықты және дистиллятты анализдеу нәтижелері негізінде бақылайды. Шикізаттағы су күкірт қышқылдық шайырлар мөлшерін, кокстенгіштікті, тығыздықты анықтайды. Кокстенгіштік пен күкірт қышқылдық шайырлардың мөлшері шикізаттың пеш құбырлары мен реакциялық